

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2023 ж.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ  
бағыты бойынша  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ  
2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша АК мүшелеріне Академиялық комитет ережесі (УЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі (УЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстыру бойынша семинар ұйымдастырылып таныстыру парағына қол қойылды.

Б) Ережеге сүйеніп 6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

### 2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізіліп 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында Академиялық комитет мүшелері бір-бірімен тығыз жұмыс жасады және білім беру бағдарламаларының стейкхолдерлері де бұл жұмысқа белсенді қатысты.

Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытындағы ББ атрибуты әзірленді. Атап айтқанда: Н.Ондасынов атындағы Түркістан «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты түлектердің бойынан көргісі келетін қасиеттер: зерттеу дағдылары, пәндік білім, ұйымдастырушылық-әдістемелік қабілеттер, қарым-қатынас, мәдени құзыреттілік, өмір бойы білім алу мүмкіндігі, ақпараттық дағдылар, шығармашылық, жауапкершілік, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар; №23 ІТ мектеп – лицей тарапынан физика пәні мұғаліміне қойылатын тараптар жаңа идеяларға ашық болу, жаһандық азаматтық, заманауи методикаларды игеру, шығармашылық болып көрсетілді. Кері байланыс ретінде, 1 курс магистранттарының заманауи оқытушының дағдылары туралы ұсыныстары да ескерілді. Магистранттардың тарапынан келіп түскен ұсыныстары мынадай: жауапкершілік, ұйымдастырушылық, төзімділік, құзыреттіліктер, біліктілік, психологиялық сауаттылық, прагматизм, общительность, тапқырлық. Сонымен қатар, бакалавриат түлектері тарапынан ұсынылған: технологияны жақсы меңгерген, креативті, толерантты, шәкіртжанды, білікті, әділ секілді дағдылары да ескерілді.

Жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытындағы ББ атрибуттары анықталды:

- Көшбасшылық және топтық жұмыс;
- Кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлауға және жобалауға, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті;
- Этика және адалдық;
- Зерттеу дағдылары;
- Цифрлық дағдылар;
- Үздіксіз оқу.

Анықталған атрибуттар негізінде 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделі: көшбасшылық және топтық жұмысқа икемді, кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлай және жобалай алатын, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті, этика және адалдықты бойына сіңірген, зерттеу дағдылары қалыптасқан, цифрлық дағдыларға ие, үздіксіз оқу, ізденуді меңгерген болуы.

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
- ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі.

6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

## **2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.**

### **3. 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары жүргізілді.**

6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты: Физика саласы бойынша теориялық және әдістемелік білімдерін меңгерген, оларды кәсіби қызметінде қолдана білетін, элеуметтік-коммуникативтік дағдылары мен зерттеушілік қызметін табысты іске асыра алатын бәсекеге қабілетті білім бакалаврын даярлау.

Белгіленген мақсатқа сәйкес 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытындағы ББ оқыту нәтижелері анықталды:

#### **1. Көшбасшылық және топтық жұмыс**

-зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы топта жұмыс жасай алады көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1).

#### **2. Кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлауға және жобалауға, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті**

- пәнді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін, жаңартылған білім беру бағдарламасының заманауи мәселелерін меңгере отырып, оқу-тәрбиелік және кәсіби міндеттерді шешеді, жоспарлайды, жобалайды, пәнді оқыту саласындағы әдістерді педагогикалық қызметінде қолданады, жаңа идеяларды біріктіреді (ОН2).

- оқытылатын пәндер шеңберінде іргелі заңдары мен қағидалары туралы білімдері мен түсініктерін кәсіби міндеттерін шешуде қолданады (ОН3).

#### **3. Этика және адалдық**

- кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негіздерін, этика және академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН4).

#### **4. Зерттеу дағдылары**

- ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жинақтау, өңдеу, талдаудың заманауи тәсілдерін меңгере отырып, зерттеу жұмыстарын қорытындылайды (ОН5).

#### **5. Цифрлық дағдылар**

-кәсіби саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлерін (интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және ұтқыр сервистерді) цифрлық ресурстарды қолдануға қабілетті (ОН6).

#### **6. Үздіксіз оқу.**

- Өмір бойы білім алу мүмкіндігі: қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес қабілеттері мен қызығушылықтарын үйлестіреді (ОН7).

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН  
ЖҰМЫСТАР**

**1. 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.**

**2. 6B015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталып бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау жұмыстары жүргізілді.**

2023-2024 оқу жылына 6B01510 – Физика БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі
1	<b>Көшбасшылық және топтық жұмыс</b>	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Дене шынықтыру, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Көшбасшылық теориясы.
2	<b>Кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлауға және жобалауға, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті</b>	Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататүрік принципі, Түркі мемлекеттер тарихы, Түрік тілі (B1),Түрік тілі (B2), Оқушылардың физиологиялық дамуы, Педагогика, Инклюзивті білім беру, Физиканы оқыту әдістемесі, Физика курсына нарықтық педагогиканы қолдану әдістері, Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар, Физиканы оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері
3	<b>Этика және адалдық</b>	Ясауитану, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі
4	<b>Зерттеу дағдылары</b>	Академиялық жазбаға кіріспе, Математикалық анализ, Сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия, Физикадан есептер шығару әдістемесінің негіздері, Физикалық есептерді құру және шығару әдістері, Мектептегі физикалық эксперимент техникасы, Физикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері, Физика пәнінде педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, Мектеп физика курсына ғылыми жоба жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі, Физиканы оқытуда креативті технологияны қолдану әдістері.
5	<b>Цифрлық дағдылар</b>	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Физиканың компьютерлік әдістері.
6	<b>Үздіксіз оқу</b>	Механика және АСТ , Физикалық өлшем бірліктер , Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері , Тұрақты және айнымалы токтар физикасы, Физика тарихы, Жарық сәулелерінің физикасы, Физикадағы жаңартылған білім беру бағдарламасының заманауи мәселелері, Классикалық механика , Аналитикалық механика, Ядро және қарапайым бөлшектер физикасы, Субатомдық және субядролық физика, Электромагниттік теория, Электромагниттік өріс теориясы, Кристаллография, Астрономия, Статистикалық және кинетикалық физика, Атом физикасы, Субмолекулалық физика, Кванттық физика, Кванттық механика, Электроника негіздері, Жартылай және асқын өткізгіштер физикасы, Күн сәулесі және оның қолданбалы бағыттары.

2023-2024 оқу жылына 6B01511 – Математика БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататүрік принципі, Түркі мемлекеттер тарихы, Мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі базалық шетел тілі, Түрік тілі (B1), Түрік тілі (B2) Түрік тілі (C1), Ағылшын тілі (B2), (Қытай тілі A1, A2, B1)	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Сызықты алгебра Анализ I Геометрия Элементар математика Сандар теориясының негіздері Ықтималдықтар теориясы Жай дифференциалдық теңдеулер	Анализ II Интегралдық қисап Анализ III Көп өлшемді талдау Анализ IV Функционалдық қатарлар Математикалық сауаттылық есептерін шешу практикумы Математикалық есептерді шешу практикумы I Олимпиадалық есептерді шешу практикумы Математикалық есептерді шешу практикумы II Геометриялық салу есептері Геометрия негіздері Дербес туындылы теңдеулерді шешудің әдістері Математикалық физиканың әдістері Комплекс айнымалы функциялар теориясы Математикалық талдаудың таңдамалы тараулары Жоғары геометрия Элементар геометрияның қосымша тараулары Элементар геометрияның қосымша тараулары Математикалық статистика элементтері
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Педагогика Психология Мамандыққа кіріспе Оқушылардың физиологиялық дамуы Инклюзивті білім беру Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі Жас ерекшелік психологиясы Математиканы оқыту әдістемесі Математиканы оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары Мектеп математика курсына ақпараттық технологиялар қолдану Элементар математиканың қосымша тараулары Математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерді кіріктіре	

		оқыту әдістемесі
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Академиялық жазбаға кіріспе
6	Инновация және цифрландыру	АКТ
7	Креативті көшбасшылық	Көшбасшылық теориясы, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі, Сыни және жүйелік ойлау

2023-2024 оқу жылына 6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі
1	Көшбасшылық және топтық жұмыс	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Дене шынықтыру, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Көшбасшылық теориясы. Қаржылық сауаттылық
2	Кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлауға және жобалауға, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті	Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататүрік принципі, Түркі мемлекеттер тарихы, Түрік тілі (B1), Түрік тілі (B2), Оқушылардың физиологиялық дамуы, Педагогика, Инклюзивті білім беру, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Информатиканы оқыту әдістемесі, Орта мектепте робототехника негіздерін оқыту әдістемесі, Білім берудегі геймификация
3	Этика және адалдық	Ясауитану, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі, Түркі мемлекеттер тарихы
4	Зерттеу дағдылары	Академиялық жазбаға кіріспе, Мамандыққа кіріспе.
5	Цифрлық дағдылар	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Физиканың компьютерлік әдістері.
6	Үздіксіз оқу	Android бағдарламалау, Компьютерлік графика, Python тілінде роботты бағдарламалау, Модельге бағытталған жобалау (MATLAB / Simulink&Arduino), Мобильді қосымшалар дайындау, Заманауи бағдарламалау тілдері, Бағдарламалар мен деректердің қауіпсіздігі, Сандық әдістер, C# бағдарламалау, Деректер қоры теориясы, Жасанды интеллект технологиясы, Компьютерлік желілер, Интернет технологиялары, Java бағдарламалау тілі, Веб бағдарламалау, Объектіге бағытталған бағдарламалау I, Объектіге бағытталған бағдарламалау II, Операциялық жүйелер Сандық құрылғылар архитектурасы және операциялық жүйелер, Криптография, Компьютерлік математикалық жүйелер, Графтардағы негізгі алгоритмдер, Үш өлшемді моделдеу, Электронды оқытуды ұйымдастыру,

2023-2024 оқу жылына 6B01513 - Биология БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі
1	Сыни ойлау	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Дене шынықтыру, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері,
2	Коммуникациялық қабілет	Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататүрік принципі, Түркі мемлекеттер тарихы, Түрік тілі (B1),Түрік тілі (B2), Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Оқушылардың физиологиялық дамуы, Педагогика, Инклюзивті білім беру, Биологияны оқыту әдістемесі, Сыныпта биологиялық тәжірибе қою әдістемесі, Мектепте далалық тәжірибе жүргізу әдістемесі, Биология пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту
3	Көшбасшылық дағдылар	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Дене шынықтыру, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Көшбасшылық теориясы.
4	Зерттеу дағдылары	Академиялық жазбаға кіріспе, Биология кіріспе, Цитология және гистология, Биология кіріспе, Цитология және гистология, Ботаника, Өсімдіктер систематикасы, Микробиология, Адам және жану физиологиясы,Эволюциялық теория,Гербарий әдістері,Насекомдар коллекциясы,Генетика,Омырқасыздар зоологиясы, Омырқалылар зоологиясы, Адам анатомиясы, Мектепте биологияны оқытудың инновациялық әдістері, Биологияны оқыту әдістемесі, Молекулалық биология, Қолданбалы биология, Сыныпта биологиялық тәжірибе қою әдістемесі, Биология пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту,Мектепте далалық тәжірибе жүргізу әдістемесі, Өсімдіктер физиологиясы, Дәрілік өсімдіктер, Қазақстан биоресурстары, Өсімдіктер биотехнология, Өсімдік интродукция, Жеке даму биология, Биометрия
5	Шығармашылық, инновациялық дағдылар	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Білім берудегі цифрлық технологиялар

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

**Физика кафедрасының меңгерушісі Б.Ж.Сейтов:**

**6B01510 - Физика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1.А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2.Ж.Ж.Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

3.Ғ.К.Орманова - ОҚМПУ «Физика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

4.Б.С.Уалиханова - ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, PhD, аға оқытушы

5. Н.Ә.Нұрыш - Назарбаев Зияткерлік мектебі, физика пәнінің мұғалімі, магистр

**7M01506 – Физика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1.А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2.Ғ.К. Орманова - ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгерушісі п.ғ.к.

- 3.Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ мектеп – лицей директоры
- 4.П.А. Саидахметов - ОҚМУ, Физика кафедрасы, ф.-м.ғ.к., доцент
- 5.Б.С. Уалиханова - ОҚМПУ, Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а.

**Математика кафедрасының меңгерушісі М.Д.Кошанова:**

**6B01511 - Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

- 1.А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары
- 2.Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры
- 3.Т.Б. Меңдібаева - М.Әбенова жалпы орта мектеп директоры
- 4.Л.А.Нысанкулова - 28 мектеп-лицей директоры

**7M01547 – Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

- 1.А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары
- 2.Ә.М.Сарсенбі - Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Теориялық және қолданбалы математиканың ғылыми орталығының» директоры
- 3.Ж.Ж.Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры
- 4.М.Ш.Божкенов - М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназия

**8D01502 - Математика білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

- 1.Ә.М.Сарсенбі - Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Теориялық және қолданбалы математиканың ғылыми орталығының» директоры
- 2.Н.С.Иманбаев - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Математика кафедрасының профессоры
- 3.Б.Ондыбаев - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернатының директор м.а.

**6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1. А.А.Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары
2. С.А. Айтуреев - Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі директоры
3. Г. Өсербаева - №27 жалпы орта ІТ мектеп директоры

**Биология кафедрасының меңгерушісі Ғ.Исаев:**

**6B01513 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

- 1.Ж.Ж.Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры
- 2.Т.Б.Меңдібаева - М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп директоры
- 3.Г.С.Халықова - ОҚМПУ, а-ш.ғ.к., доцент м.а.
- 4.А.Е.Арыстанбекова - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты

**7M01507 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1. Р.А.Ускенова - Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директоры міндетін атқарушы
2. А.К. Абпазов - Түркістан Жоғары көпсалалы, қол өнер колледжінің директоры, т.ғ.к.
3. А.Т. Кенжалиев - «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры
4. Э.Б. Жаппарбергенова - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Биология кафедрасының доценті, б.ғ.к.



**Химия кафедрасының меңгерушісі Р. Нурдиллаева:**

**6B01512 - Химия білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1. А.А. Миндетбаева - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары

2. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

3. Д.А. Дийметова - Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп директоры

4. Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры

**6B01514 - Химия-биология білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 ІТ Мектеп-лицей директоры

2. А.Е. Арыстанбекова - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты

3. Д.А. Дийметова - Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп директоры

4. Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры

**6B01515 - География білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:**

1. Ф.Ж. Сержанов - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директоры

2. Ж.Ж. Азретбергенова - №23 Жұмабек Ташенов атындағы ІТ Мектеп-лицей директоры

3. М.Ш. Бөжкенов - М.Жұмабаев атындағы №15 жалпы орта мектеп директоры

4. Д.С. Құдайбергенов - А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры

**2. 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары әзірленді.**

## **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

**1. 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп стейкхолдерлердің ұсыныстары жинақталып зерттелді.**

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты үш білім бағдарламасы бар: 7M01506 - Физика, 7M01547 - Математика, 7M01507 - Биология. Осы үш білім беру бағдарламасына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары алынды.

Сыртқы эксперттері сараптамалық тұжырымдамалырында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару қызметін тиімді жүзеге асыратын, жоғары оқу орындары мен орта арнаулы білім беру мекемелерінде арнайы пәндерді оқыту үшін қажетті білімі мен іскерлігі бар, кәсіптік білім беру жүйесінің келесі сатысы-докторантурада оқуын жалғастыруға дайын кәсіби мәдениет деңгейі жоғары педагогтарды дайындауға бағытталғаның атап өтті. БББ-лары педагогикалық кадрларды даярлау сапасын бағалаудың мақсатын, мазмұнын, жоспарланған нәтижелерін, жүзеге асыру жолдарын, саясатын айқын көрсетеді. БББ-лар магистранттың құзыреттілік моделі тіл мен әдебиеті, педагогика және оқыту әдістемесі саласында іргелі теориялық және практикалық білімі бар бітірушінің жалпыкәсіби және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтиды» деген.

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

**1. 6В015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары ББ тізілімдемесіне ұсынылды.**

	<b>ББ атауы</b>	<b>Өтініш берілген күні</b>	<b>Расталу күні</b>	<b>%</b>
1.	6В01509 - Математика	02.05.2023	30.05.2023	84,17
2.	6В01510- Физика	02.05.2023	07.06.2023	90,83
3.	6В01511 -Информатика	21.07.2023	17.08.2023	87,39
4.	6В01573 - Информатика, АКТ, және робототехника	06.06.2023	02.08.2023	81,98
5.	6В01512- Химия	01.06.2023	27.06.2023	91,41
6.	6В01562 -Химия-Биология			
7.	6В01513 -Биология			
8.	6В01514- География			
9.	7М01506 -Физика			
10.	7М01547 -Математика			
11.	7М01557 -Информатика			
12.	7М01535 -Химия			
13.	7М01507- Биология			
14.	8D01502 -Математика			
15.	8D01503 - Физика			
16.	8D01516 -Информатика			

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР****1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданды.**

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдары ескерілді.

Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабақтарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ.

6. Бүкіл университеттегі зертханалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Соңғы жылы жаңадан ашылып, жаңартылған (биохимия, жалпы биология, анатомия сияқты) зертханалар болғанымен, әсіресе инженерлік және негізгі ғылымдар зертханаларының жедел түрде жаңартылуы қажет.

**2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау жұмыстары жүргізілді.**

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

**3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілді.**

№	Кафедра аты	Оқытушы	Аға оқытушы	PhD/ Ғылым кандидаты	Ғылым докторы
1	Физика	-	2	-	-
2	Математика	5,5	4	6,0	2,0
3	Биология	-	-	3,0	1,0
4	Химия				
	<b>Барлығы:</b>	<b>5,5</b>	<b>4,0</b>	<b>15,0</b>	<b>3,0</b>

### **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

**1. 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жүргізілді.**

Барлық кафедралар өздеріне тиісті БББ-ларына талдау жасап өзіндік бағалау есебін дайындады. Талдау нәтижелері біріктіріліп, жалпы бір презентацияға салынды. Презентация университет сайтына жіберілді.

#### **Физика кафедрасы:**

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша:

6B01510-Физика БББ-сы 2019 -10, 2020- 4, 2021-6, 2022-0 орынға ие болды. 2022 жылы эксперттен кейбір пәндердің мазмұны бойынша бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілген. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді.

Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру керек деген. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері - Қорқыт Ата Қызылорда университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері – Ж.Ташенов атындағы №23 мектеп-лицейі, Түркістан облысының адами әлеуетін дамыту басқарамсының «Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі, Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған дарынды баларға арналған мектеп-интернаты.

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері –жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.79, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері- бакалавр бойынша, 1 курс - 32, 2 курс -27, 3-курс – 24, 4 курс -26. Магистратура 1-курс-25, 2 курс-16 магистрант, Докторантура бойынша 1-курс-2, 2 курс -3 докторант.

- тулектердің жұмысқа орналасу нәтижелері –бакалавр бойынша 2020- 100% , 2021- 71,4 % , 2022 - 84,6%, магистратура бойынша – 100%, докторантура бойынша – 100%.

**Математика кафедрасы:**

- соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері
- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері - 2019- Атамекен- 22/28, НААР-4/15; 2020- Атамекен-15/24; НААР-1/15; 2021 – Атамекен 13/26, НААР – 4/14, 2022- жок.
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Түркістан облысы А.Югнаки атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан облысы Е.Изатуллаев атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы №1А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Түркістан қаласы М.Жұмабаев атындағы №15 жалпы орта мектеп.
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Кентау қаласы №23 Ә.Бөкейханов атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан қаласы М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп
- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері - жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.8, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

<b>Контингент</b>	<b>1 курс</b>	<b>2 курс</b>	<b>3 курс</b>	<b>4 курс</b>
Грант	10	10	21	14
ТД грант	-	4	4	-
Квота	2	3	1	3
Ақылы	8	4	7	3
<b>Барлығы</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>33</b>	<b>20</b>

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері – бакалавр бойынша 2020-100%, 2021-83,3%, 2022-75%, магистратура – 100%, докторантура- 100%

*6B01573-Информатика, АКТ және робототехника, 6B01511-Информатика, 7M01557-Информатика, 8D01516 -Информатика* БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері – 2020 - НААР-6/13, НКАОКА - 6/13; 2021 – жок, 2022-жок.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері –Кентау қаласы №14 әл-Фараби атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия, Кентау қаласы Дарын мектеп, Түркістан қаласы Ө.Жәнібеков атындағы №27 мектеп лицей, Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Түркістан қаласы №15 М.Жұмабаев жалпы орта мектеп,

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты, Кентау қаласы №14 әл-Фараби атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия, Кентау қаласы Дарын мектеп.

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері - кафедра бойынша жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.8, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері-

<b>ББ атауы</b>	<b>1 курс</b>	<b>2 курс</b>	<b>3 курс</b>	<b>4 курс</b>	<b>Барлығы</b>
6B06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау	-	9	13		22
6B01573-Информатика, АКТ және робототехника,	30	28	23	8	89
7M01557-Информатика,	8	3			11
8D01516 -Информатика	3				3
<b>Барлығы</b>	<b>41</b>	<b>40</b>	<b>36</b>	<b>8</b>	<b>125</b>

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері – бакалавр бойынша 2020-100%, 2021-84%, 2022-78%, магистратура -100%.

#### **Биология кафедрасы:**

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері – 2018 – Атамекен-23/30; 2019- Атамекен- 28/29, НААР-6/15; 2020- Атамекен 7/28; 2021 – Атамекен 17/25, НААР – 4/12.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Түркия Республикасы Гази университеті.

- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - №21 жалпы орта мектебі

- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері –жұмыс берушілердің ББ нәтижесі – өте жақсы, оқытушы студент көзімен – 4.75, түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 100%.

- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері-бакалавр бойынша 2019-2020 оқу-169, 2020-2021 – 197, 2021-2022-212, 2022-2023- 199 студент, магистратура бойынша 1 курс -23, 2-курс – 14 магистрант.

- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері –бакалавр бойынша - 2019-76,4%, 2020-100%, 2021-79,4%, 2022-61%, магистратура -100%.

#### **Химия кафедрасы:**

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері 2018 - Атамекен -5/30, 2019- НААР 9/2, НКАОКА 9/2, 2020- НААР 11/4, 2021- 7/3 2022 - мәлімет жоқ.

-Қазақстандық шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері-Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, №15 М.Жұмабаев атындағы жалпы орта мектеп, №23 ІТ Жұмабек Ташенов атындағы мектеп –лицейі.

-жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері - Түркістан қаласы Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, №15 М .Жұмабаев атындағы жалпы орта мектеп, №23 ІТ Жұмабек Ташенов атындағы мектеп –лицейі.

-сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің басқада қызығушы тараптардың нәтижелері) кафедра бойынша жұмыс берушілердің ББ нәтижелері –өте жақсы оқытушы студент көзімен 97%. Түлектер үшін бағалау сауалнамасы 95%

-түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері: бакалавр бойынша 2020 -75% ,2021-50%, 2022-66,7 %

## SWOT – талдау

<b>S (strengths) – Күшті жақтары (ықтимал позитивті ішкі факторлар)</b>	
1.	Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
2.	Түркияның жетекші университеттерінен ОПК мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.
3.	Қазақстан мен Түркия ұсынатын білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.
4.	Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.
5.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
6.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
7.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
8.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
9.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
10.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
11.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).
12.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.
13.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.
14.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
15.	Практикаға бағытталған оқыту.
16.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
17.	Diploma Supplement болуы.
18.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
19.	Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы;
20.	Ғылыми дәрежесі бар жас ОПК санының артуы;
21.	Кафедра құрамында халықаралық гранттық бағдарламалардың сертификатталған иеленушісінің болуы (Болашақ бағдарламасы);
<b>W (weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)</b>	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.

5.	Ағылшын тілін жоғары деңгейде (IELTS 5.0 және одан жоғары) меңгерген ОПК үлесінің жеткіліксіздігі;
6.	Кафедра ғалымдарының ҚР БЖҒМ тарапынан және Ғылым қоры тарапынан гранттық қарлыжандару жұмыстарының аздығы
<b>О (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)</b>	
1.	Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге бастама болады.
2.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
3.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
4.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
5.	Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен ҚАЗТЕП және ТУРТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
7.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
8.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
9.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
10.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (ҮТВ) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
11.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.)
12.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
13.	Жастар саясатын жандандыру, волонтерлік қызмет көрсету және әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндігі.
14.	Түркістан қаласының инфрақұрылымының жақсаруы (заманауи әуежай, жаңа

	туристік объектілер және т. б.).
	<b>Т (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)</b>
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті кадрлардың тапшылығы.

**АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСТАРЫ:**

1. ББның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.
3. Педагогикалық зерттеу институтын құру.

Академиялық комитеттің № 9 мәжілісінде 22 06. 2023ж талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы 